

## Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 25)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Өтпелі ағынды цитометрия жүйесі	<p>Өтпелі ағынды цитометрия жүйесі флуоресценттік талдауға арналған және жоғары дәлдіктегі микрофлюидтік технологияны қолданады. Құрылғы үлгілерді автоматты түрде өндеп, жоғары өткізу қабілетін қамтамасыз етеді.</p> <p>Негізгі техникалық сипаттамалары</p> <p>Өтпелі ағынды жүйе: перистальтикалық сорғымен жабдықталған</p> <p>Лазер толқын ұзындығы: базалық конфигурация – 2 лазер және 6 түс.</p> <p>Екі жартылай өткізгіш лазері (488 нм және 638 нм) болған жағдайда детектор бір мезгілде кемінде 6 түрлі флуоресценттік сигналды тіркей алады.</p> <p>Шу деңгейі: 55 dBA</p> <p>Пробиркалар саны: 40 пробирка / карусель (талдау алдында автоматты араластыру функциясымен)</p> <p>Өткізу қабілеті: сағатына 90 тестке дейін</p> <p>Кұрылғыны баптау: автоматты / қолмен</p> <p>Лазерлердің орналасуын туралау: автоматты / қолмен</p> <p>Жұмыс станциясы: толыққанды жұмыс станциясы</p> <p>Габариттері:</p> <p>Ені: 500 мм</p> <p>Биіктігі: 500 мм</p> <p>Терендігі: 550 мм</p> <p>Салмағы: 60 кг</p> <p>Функционалдық мүмкіндіктері</p> <p>CD4 тесті: CD45, CD3, CD4 және CD8 маркерлерін бір пробиркада анықтау</p> <p>LIS жүйесімен интеграция: зертханалық ақпараттық жүйемен (LIS) үйлесімді</p> <p>Жасушалардың абсолютті санын анықтау: қосымша шығынсыз және жоғары дәлдіктегі микрофлюидтік детектор</p> <p>Лазер: жоғары қуатты жартылай өткізгішті лазер (жоғары ажыратымдылық және ұзак қызмет мерзімі)</p> <p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету тоқсанына кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.</p>	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

## ТОЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (КҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының коймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі. Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуі талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосылтау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

### **Сәйкестік және тауар сапасы**

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазакстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін раставды және оған кепілдік береді. Тауар Қазакстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заннамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сакталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаган, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқыктарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

### **Кепілдік міндеттемелер**

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 37 (отыз жеті) айды құрауы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалып, келесі жұмыстарды қамтуы қажет:

- ресурсы таусылған құрамдас бөлшектерді ауыстыру;
- медициналық техниканың жекелеген бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру;
- медициналық техниканы баптау және реттеу, сондай-ақ осы техника түріне тән арнайы жұмыстарды орындау;
- негізгі механизмдер мен тораптарды тазалау, майлау және қажет болған жағдайда қайта жинау;
- медициналық техниканың корпусы мен оның құрамдас бөліктерінің сыртқы және ішкі беттерінен шаң-тозаңды, кірді, коррозия мен тотығу іздерін жою (ішінара блоктық-тораптық бөлшектеуді қоса алғанда);

осы медициналық техника түріне тән, пайдалану құжаттамасында көрсетілген өзге де операцияларды орындау.

### **Төлем шарттары және аванстық төлем**

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізуіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжаттың ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сактандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сактандыру ұйымымен жасалған жеткізуінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

### **Жеткізу мерзімі**

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.